

## Р а з д е л 5

# ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ

*Р.О. Садықова*

### ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы қарсаңында әрбірімізді біз осы уақытқа дейін қандай жетістіктерге жеттік, алдымызда қандай оқиғалар күтіп тұр деген сауалдар мазалайтындығы даусыз. Осындай шешуші сәттерде алға жасалынатын қадамдардың сәттілігін тек өткенімізде жасалынған шаралардың анықтайтындығын түсінеміз. Өткенге көз салғанда, біз тек еліміздің ішкі дамуымен шектелмей, сыртқы саясатының дамуына да назар аударамыз. Бұл тұрғыда, қазіргі Қазақстанның ТМД кеңістігінде ғана емес, әлемдік қауымдастықта да жиырма жылда елеулі беделге ие болуы мемлекет басшылығының көреген сыртқы саясатының жемісі екендігін мойындауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері көпвекторлық сыртқы саясатты жүргізу арқылы әлемнің бірқатар мемлекеттерімен екіжақты және көпжақты деңгейде қарым-қатынастарды дамытып келеді. Соның ішінде көпжақты деңгейдегі қарым-қатынастардың маңызды бағыты – Еуропалық Одақпен ынтымақтастық қарым-қатынастар.

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың кейінгі онжылдықта дамуы – Республиканың саясат, экономика, мәдениет салаларындағы әлеуеттің жылдан-жылға өсіп отырғанын көрсетеді. Сыртқы саяси стратегиясын құрастыра отырып, Қазақстан Еуропалық Одақтың барлық экономикалық қуаты мен оның институттарының зор саяси салмағын ескереді. ҚР мен ЕО арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – экономикалық аспект болып

табылады. Еуропалық мемлекеттер Қазақстандағы дипломатиялық процестердің дамуына (нарықтық шаруашылық, қазақстандық энергоресурстардың тасымалдауы мен жасау, шетелдік инвестицияларды тарту, әлемдік қаржы және тауар нарықтарына енуді қамтамасыз ету) белсенді көңіл бөлуде. Қазақстанмен осы салада жасалып отырған қадамдары ЕО-мен толыққанды ынтымақтастық орнатуға барлық алғышарттарды қамтамасыз етуде [1].

Еуропалық Одақ пен Қазақстанның ынтымақтастығының негізін қалау ең алдымен, 1993 жылдың 2 ақпанындағы тараптардың арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуынан басталды. XX ғасырдың 90-жылдардың аяғы – XV ғ. басындағы Қазақстан мен ЕО-ның ресми тұлғалары арасындағы кездесулер мен келіссөздер нәтижесінде келесідей маңызды біршама құжаттарға қол қойылды:

– 1995 жылдың 23 қаңтарында Брюссельде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Еуропалық Одақ кеңесінің төрағасы А. Жюппенің Қазақстан мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастық және әріптестік туралы келісім;

– 2002 жылдың қарашасында Қазақстан Үкіметі мен Атом энергиясы жөніндегі еуропалық кеңістік арасындағы термоядролық синтезді басқару ынтымақтастығы мәселелеріне қатысты келісім және т.б. [2].

Әсіресе, 1995 жылдың 25 қаңтарында қол қойылған құжаттың айрықша маңыздылығын атап өту қажет. Бұл құжат Қазақстанның әлемдегі ең ірі экономикалық интеграциялық ұйыммен өзара ынтымақтастықтың көпжақты

саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың құқықтық негізін бекітті. Бұл келісімде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы орнатылған ынтымақтастықтың мақсаттары көрсетілген болатын:

– Саяси қарым-қатынастардың дамуына өз үлесін қосатын тараптар арасындағы саяси диалогты қамтамасыз ету мақсатында қажетті жағдай туғызу;

– Тараптар арасындағы сауда, инвестициялық және үйлесімді экономикалық қатынастарға жәрдемдесу, сол арқылы олардың тұрақты экономикалық дамуына ықпал ету;

– Бейбіт ғылыми-зерттеулер саласында құқықтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, мәдени және технологиялық ынтымақтастықтың негізін қалау;

– Республикада демократияны күшейту және нарықтық экономикаға өту кезеңін аяқтау мақсатында экономиканы дамыту үшін Қазақстанмен қабылданатын шараларды қолдау.

Бекітілген келісімде келесідей бағдарламалар мен іс-шаралардың тиімділігін жоғарылату мақсатында Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінді:

– «Есірткі және психотроптық заттарды заңсыз өндіру, тасымалдау және өңдеу, оларды өндіруде қолданылатын химиялық заттардың ағылуын алдын алу, есірткіге сұранысты қысқарту мен алдын алу мақсатындағы» күрес;

– Заңсыз иммиграция, экономика саласындағы заңсыз әрекеттер (жемқорлық, жалған ақша жасаушылық, есірткіні, психотроптық заттарды, қару-жарақтарды заңсыз тасымалдауды қоса алғанда) сияқты құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу мақсатында;

– қылмыстық әрекеттерден табысты жылыстау мақсатында өзінің қаржы жүйесін пайдаланудың алдын алу.

1994 жылы қол қойылған Еуропалық Энергетикалық Хартия бойынша Базистік Келісім 1997 жылы заңды күшке ие болды. Аталған құжат Қазақстан үшін өте маңызды. Себебі, энерготасымалдаушылар нарығында дискриминацияның болмауына кепіл береді және ұлттық сауда-экономикалық мүдделердің ескерілуімен әлемдік экономикалық қауымдастыққа интеграциялануына жәрдемдеседі [3].

Қазіргі кезеңде екіжақты қатынастар тұрақты және ұзақмерзімді сипатқа ие. Денсаулық сақтау, ғылыми зерттеулер, республикада реформалар жүргізу, нарықтық құрылымдардың қалыптасуы және экономиканы либералдау сияқты салалар ЕОға мүше-мемлекеттер шеңберінде қолдау тапты.

1990 жылы Еуропалық Одақ пен ТМД елдері үшін жасалған ТАСИС бағдарламасы мемлекеттердің нарықтық экономикаға өту және демократиялық қоғам құру кезінде пайда болатын саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Қазақстанда бұл бағдарламаның іске асуының бастамасы болып Еуропалық Одақ және ҚР Үкіметі арасындағы «Қаржыландыру жайлы меморандумға» 1992 жылдың сәуірінде қол қою саналады. Сол жылдың аяғында ТАСИС Координациялық Бюросы ашылды.

Қазақстанның экологиясына көмек көрсету бағдарламасы шеңберінде ЕО Семей полигонындағы ядролық сынақтар салдарын жою және Арал теңізі бассейнінің ластануы сияқты мәселелерді шешуде қаржылық және техникалық қолдау жасауда. 2001 жылы Алматы қалалық ауа бассейнінің ластануын (кейбір аудандарда атмосфераның ластануы жіберілетін мөлшерден 10 есе жоғары) зерттеу жобасын іске асыруға 1 млн. еуро мөлшерінде грант бөлінген болатын.

Қазақстанға ЕО тарапынан техникалық көмек, 1995 жылы бекітілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім негізінде ТАСИС бағдарламасы арқылы жүргізіледі. Бұл бағдарлама 1991 жылы бұрынғы КСРО территориясындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына байланысты әзірленген болатын. ТАСИС Еуропалық Қоғамдастық пен осы серіктес-мемлекеттер арасында үйлесімді, мықты экономикалық және саяси байланыстардың дамуына оң ықпал жасауға бағытталған. Бағдарлама мақсаты – саяси еркіндік пен экономикалық өркендеуге негізделген қоғамдарды құру жолындағы жас тәуелсіз мемлекеттерді қолдау. ТАСИС бұл мақсатқа өтеусіз субсидия беру, нарықтық экономика мен демократиялық қоғамға өту процесін қолдау арқылы жетуде.

Орталық Азияда ең ірі мемлекет болып саналатын Қазақстан жоғары экономикалық әлеуетке ие бола отырып, әсіресе, энергетика саласында, ЕО үшін маңызды серік болып табылады. Біздің мемлекет ТМД елдерінің ішінде ТАСИС бағдарламасы тарапынан берілген қор бойынша (71,3 млн. экю немесе 89,1 млн. АҚШ долл.) Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орында екенін кездейсоқ емес.

Қазақстандағы ТАСИС бағдарламасының әрекеті орталықтандырылған экономикадан нарықтық қатынастарға өтуді іске асыруға көмек беруге бағытталған. Ол серіктестік байланысты, қоғамдық барлық деңгейдегі тәжірибе және біліммен алмасуға мүмкіндік беретін

желілік құрылымдар білімін дамыту үшін өтеусіз қаржыландыруды қарастырады.

ТАСИС мемлекеттік кәсіпорын реформасын қолдайды, жеке сектор дамуына ықпал етеді, сонымен қатар Қазақстандағы қаржы секторын дамытуда. Бұл мәселелер, экспертиза ұсыну, лаузымды тұлғаларды оқыту, үкімет мүшелерінен бастап, банк қызметкерлеріне дейін, жекешелендіру шаралары бойынша кеңес беру және оң ықпал жасау, нарықтық ақпараттармен алмасуды ынталандыру, мемлекеттік және жеке мекемелерге ноу-хау ұсыну арқылы шешуде.

Қазақстанда ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету секторы ТМД мемлекеттеріндегі көпұлтты ТАСИС бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. Толық қауіпсіздік үшін қажетті жабдықтар сарапшылардың қызмет көрсетуі, сараптама жүргізу және реактор қауіпсіздігін қамтамасыз ету және радиобелсенді материалдарды тасымалдау сұрақтары бойынша кеңес беру – осы сектордағы ТАСИС бағдарламасы қызметінің мәні мен маңыздылығы болып табылады.

ТАСИС өзінің қызметінде аймақтық мәселелерге үлкен көңіл бөледі. Оның ішінде экологиялық мәселелер бірінші орында. Қазіргі таңдағы Арал теңізі мәселесі өзінің қауіптілік деңгейі бойынша Ортаазиялық аймақ шегінен шығып кетті. Сондықтан, экологиялық апат көзін жоюға ТАСИС бағдарламасы арқылы ЕО-ның араласуы заңды. Қазақстан, басқа ортаазиялық мемлекеттермен қатар, Ортаазиялық республикалардағы Су ресурстарын және Ауылшаруашылық өнімдерін Басқару атты аймақтық бағдарламамен қамтылған. Ол 1995 жылы екіжылдық мерзімге бағытталды. Субсидиялардың жалпы соммасы 4,75 млн. экю. Қазіргі таңда Арал теңізі бассейнінің мәселесін және басқарудың ақпараттық жүйесін дамытуды қолға алатын аймақтық ведомстволардың құрылымын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде [4].

XXI ғасырдың басынан ТАСИС бағдарламасы бойынша Қазақстанға 25 млн. еуро бөлінген болатын.

ТАСИС бағдарламасы шеңберінде екі мемлекетаралық бағдарлама бар – ТРАСЕКА және ИНОГЕЙТ. ТРАСЕКА жобасының мақсаты – Орталық Азия-Кавказ-Еуропа транспорттық коридорын ашуға жәрдемдесу және жүктердің еш кедергісіз еуропалық нарыққа өту жүйесін қарастырады. Транзиттің маңызды бөлігі – Қазақстанның қатысуымен Жібек Жолының мәні қалпына келтірілуде. Аталған бағдарлама 1993 жылы іске қосылған болатын және Батыс-Шығыс транзиттік дәлізін Еуропадан, Қара теңіз

бойымен, Кавказ және Каспий теңізі арқылы Орталық Азияға) дамытуға қаржылық көмекті қарастырады. Қазақстан бұл бағдарламаға 1995 жылы қосылды және келесі жобалар бойынша оның толық құқылы мүшесіне айналды: жолдардың пайдалану модульдерін әзірлеу, жол және көпірлік жүйелерді дамыту, көлік секторында заңи реформалар, бухгалтерлік есептің заманға сай жаңа жүйесін енгізу, транзиттік көлік дәліздерін дамыту және т.б.

1995 жылы енгізілген ИНОГЕЙТ бағдарламасының мақсаты – Каспий және Қара теңіз арқылы Еуропаға энергоресурстарды тиімді шығарылуын қамтамасыз ету. Аталған жоба аймақ мемлекеттерінің тәуелсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді және энергоресурстарды тасымалдаудың экспорттық жолдарын дамытуға өз үлесін қосады [5].

Қазақстан мен Еуропалық Одақтың экономикалық қарым-қатынастары қарқынды түрде дамуда. ЕО мемлекеттерінің инвестицияларының жалпы саны 1990-2006 жылдар арасында таяу 15 жылға қарқынды ескергенде 300-ден 500 млрд. долл. АҚШ құрайды. Қазіргі таңда Қазақстан Еуроодақтың Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық әріптесі болып табылады. 1994 жылы Қазақстан мен Еуроодақ арасындағы тауар айналымы 1 миллиард 84,5 миллион АҚШ долларын құраса, 2002 жылы 3083,9 миллион долларды, 2003 жылы 4041,5 миллион, 2004 жылы 10492,4 миллион долларды құрады. 2005 жылы бұл көрсеткіш 15 миллиард 287,2 миллион долларға жетті. Еуроодақ елдерінің Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы үлесі еліміздің жалпы сыртқы сауда көлемінің 36,8 пайызын құрайтынының өзі біраз жайттан хабар берсе керек.

Еуропалық Одаққа мүше жекелеген мемлекеттерге келсек, Қазақстанмен тауар айналымы көлемі жөнінен Италияның (29,7%), Францияның (18,9%), Германияның (13,1%), Нидерландының (6,4%), сондай-ақ Ұлыбританияның (4,7%) үлесі басым.

Байланыс орнағаннан бергі жылдар ішіндегі Еуроодақ Қазақстан экономикасына қомақты инвестиция салды және салып келеді. Қазірде оның көлемі 10 миллиард АҚШ долларынан асады. Еуроодақ елдерінің қазақстандық жобаларға жұмсаған инвестицияларының үлесі Қазақстан экономикасына салынған жалпы инвестиция көлемінің (45 миллиард доллар) төрттен бірін құрап отыр. Еліміздің негізгі инвесторлары Ұлыбритания (жалпы көлемінің 13,7%-ы), Италия (7,1%), Нидерланды (5,5%), Франция (1,7%) және Германия (1,5%) мемлекеттері болып табылады.

Еліміздің Еуроодақ алдында салмағының артуына жер қойнауы байлықтарының, бірізді экономикалық реформалар мен соңғы жылдар бедерінде ішкі жалпы өнімнің тұрақты түрде жоғары қарқынмен өсуінің оң ықпал етіп отырғаны да шындық. Ал жоғарыдағы инвестицияларға ЕО бағдарламаларына сәйкес бірқатар жобалар жүзеге асырылса, бұл бағыттағы жұмыстар табысты жалғастырылу үстінде. Мысал үшін айтар болсақ, 2003 жылы Еуропалық Одақ бюджетінен жалпы көлемі 36,5 миллион еуро бөлінді. Сонымен қатар, Еуроодақтың есірткі проблемалары жөніндегі аймақтық өкілдігінің офисі Орталық Азияның өзге елдерінде емес, Алматыда ашылуы Қазақстан мен Еуроодақ арасында тығыз қарым-қатынас қалыптасқанын айғақтайды [6].

Біздің мемлекетіміз марапаттау және инвестицияларды өзара қорғау туралы халықаралық келісімдерді бекіту арқылы өзінің экономикасына шетел капитал салымдарын инвестициялау үшін құқықтық режимін ақырындап құруда. Мұндай келісімдер Ұлыбритания, Венгрия, ГФР, Испания, Италия, Польша, Румыния, Финляндия, Франция, Швейцариямен бекітілген. Олардың көбі күшіне енді. Қос салық салуды болдырмау жөніндегі келісімдер Ұлыбритания, Венгрия, Италия, Нидерланды, Польшамен жасалған. Олардың тек үшеуі ғана өз күшіне енді: Ұлыбритания, Венгрия, Польша. Болгария, Норвегия, Румыния, Финляндия, Франция, Швециямен келісімдердің мәтіндері парафирленген, Бельгия, ГФР-мен келіссөздер жүргізілуде, Чехия, Швейцариямен келіссөздер жүргізу жоспарлануда.

Бұл мемлекеттермен сыртқы экономикалық байланыстарының келісім-құқықтық негізі екі-жақты сауда-экономикалық қатынастарының өсуіне елеулі ықпал етеді. Бірінші кезекте, олар еліміздің сауда-өндірістік әлуетін дамытуға және экономикамыздың құрылымдық қайта құруына әсер ететін мемлекеттермен маңызды. Сонымен, еуропалық мемлекеттердің бірқатары Қазақстанға нақты жобаларды іске асыруға қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер ұсынған. Австрия мен ГФР ҚР үшін несие желілерін ашқан болатын. Қазақстанға Еуропа жаңғыру және даму банкі және Еуропа экономикалық қоғамдастығы сияқты халықаралық еуропалық құрылымдар тарапынан қаржылық көмек көрсету жөніндегі келісімдерге қол қойылып, іске асырылуда. Еуропалық мемлекеттерден Ұлыбритания, Нидерланды, Франция, Швейцария, Германиямен ынтымақтастық сәтті дамуда.

Қазақстан, сонымен қатар, Еуропа энергетикалық хартиясымен келісімге отырған болатын.

Негізгі мақсаты – Қазақстанның энергетика секторына, тұтастай экономикаға инвестициялардың тартылуын және еліміздің энерготасымалдаушыларын әлемдік нарыққа жеткізу кезінде республикамыздың мүддесін қорғау.

ЕО тәулік сайын 11 млн.бarr. пайдаланады, өздері тек 2,5 млн.бarr. өндіреді. Сонда, қажеттілігінің 75-80% үшінші мемлекеттерге тәуелді. Сонымен қатар, ЕО 208 млн.т. газ (мұнайға аударғандағы) тұтынады немесе энерготасымалдаушылардың жалпы тұтынуының 19%, оның 60% өзіндік өндіруден қамтамасыз етіледі, 40% – басқа мемлекеттерден импортталады. Сарапшылардың болжауынша, ЕО газ тұтынуы 2010 жылға 25-50% өседі. Яғни, Қазақстан ЕО энерготасымалдаушылар нарығында өзіндік негіз іздеу керек.

ҚР-да Еуропалық Одақ мемлекеттерінің ішінде маңызды инвестициялық мәнге Ұлыбритания ие. Қазақстан экономикасына Ұлыбритания тарапынан, жалпы алғанда, 1 млрд.долл. АҚШ жұмсалған. Британ бизнесмендерінің қатысуымен 50 астам бірлескен кәсіпорын құрылды. 1995 жылы екі мемлекет арасында инвестицияны марапаттау және өзара қорғау туралы келісімге қол қойылды. Бұл британдық капитал ағымын жеделдетті. Қазіргі таңда, Ұлыбритания Қазақстанға тікелей инвестиция салудан үшінші орында және олардың жалпы мөлшері 720 млн. долл. немесе олардың жалпы көлемінің 14 пайызын құрайды [7].

Батысеуропалық нарық Қазақстанды немен қызықтырады? Қазақстаннан импортқа кеден баждарының төмен болу және артықшылықтар жүйесі бар болу салдарынан қазақстандық тауарларға Батысеуропалық нарық, айтарлықтай, ашық. Қазақстан ЕО-пен саудада оң сальдоға ие, бұл табысты бюджеттік валюта қорын толықтыруға, бюджет тапшылығының бір бөлігін және сыртқы қарызды жабуға мүмкіндік береді.

Көп уақыт бойы Қазақстан мен ЕО арасындағы қатынастардың көкейкесті мәселелерінің бірі Одақтың антидемпингтік саясаты болды. Қазақстанды нарықты емес ел деп санай отырып, ЕО Комиссиясы қазақстандық тауарларға баға жоғарлататын сәйкес процедураларын қоданатын. Бұл, еуропалық нарықты отандық тауарлардың, әсіресе, болат өнімдерінің экспортына жол жапқан еді. Бұл құбылыстың әсеріне Еуроодақ елдеріне шығарылатын қазақстандық экспорттың шағын көлемі түскенімен, әңгіме шикізат жайлы емес, дайын өнім туралы, сондықтан, қазақстандық өндірістің дамуына ерекше маңызды. Дегенмен, Қазақстан антидемпингтік шараларды толығымен

алып тастауды талап етпейді: олар ұлттық өндірушілерді қорғаудың қалыпты құралы болып табылады.

2000 жылдың 12 қазанында Еуропалық Одақ Қазақстан үшін нарықтық экономиканың арнайы режимін кеңейту мақсатында антидемпингтік процедуралар туралы ЕО ережесіне толықтыру енгізді.

ҚР-ның Президенті 2000 жылдың маусымында Брюсселде болған келіссөз нәтижесінде қабылдаған бұл қадам ҚР мен ЕО арасындағы екіжақты қатынастары нығайтуға жаңа сапалы деңгейінің дамуын қуәландырады. Әңгіме тек қазақстандық тауарлардың еуропалық нарыққа енуін кеңейту жайында ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енудегі қажетті қадам болып табылатын демократиялық және нарықтық жаңғыртуларды іске асырудағы мемлекет жетістіктерін атап көрсету жайлы.

Қорытындылай келе, Еуропалық Одақ Қазақстан үшін маңызды экономикалық және саяси серіктес болып табылады. Сондықтан, еліміз бен осы Одақ арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамыту өте өзекті болып есептеледі.

1. *Ибрашев Ж.У., Енсебаева Э.* Европейский Союз во внешней политике Казахстана. – Алматы, 2001. – С.26.

2. Қазақстан мен Еуропалық одақ // [www.egemen.kz/?act=readarticle&id=526](http://www.egemen.kz/?act=readarticle&id=526)

3. *Абыкаева Н.А.* Казахстан-Европейский Союз: партнерство и сотрудничество // Казахстанская правда. – 2000. – 24 июня.

4. Европейская интеграция и права человека (сборник статей). – Алматы, «Комплекс», 1998 г. – С.186.

5. Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. №4(16) 2004 г. – С.85.

6. Қазақстан мен Еуропалық одақ // [www.massagan.com/news](http://www.massagan.com/news)

7. Европейский Союз и Центральная Азия. / Под.ред. профессора Ж.У.Ибрашева. – Алматы, 2000. – 196 с.

\* \* \*

В данной статье рассматривается становление и развитие сотрудничества Казахстана с Европейским Союзом. Автор изучает не только основную договорную базу этих отношений, но и рассматривает основные направления сотрудничества между сторонами и приводит необходимые факты. Статья интересна и направлена на широкий круг читателей.

\* \* \*

The establishment and development of the cooperation of Kazakhstan with European Union were considered on this article. The author paid an attention to the legal basis of its relationship, and also to the main spheres of bilateral cooperation, which was proved by considering the necessary statistical facts.

**Ж.Б. Момынкұлов**

## ТҮРКИЯНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫМЕН САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

### 1. Түркия мен Қытай арасындағы саяси қатынастар

Түркияның Қытаймен арадағы саяси қарым-қатынасы жақсы, алайда, экономикалық қатынастары «суық», яғни, тиісті деңгейде емес. Аталмыш жағдайды өзгерту үшін Түркияның жауап ретінде өзара сенімді арттыру іс-шараларын даярлауы қажет. 20 жылдан кейін Азияда толық мағынадағы ең ірі аймақтық күшке айналуы ықтимал Қытаймен белгілі деңгейде жақсы қарым-қатынас орнатуы Түркия үшін стратегиялық маңызға ие мәселе. Түркия Азия құрлығы-Тынық Мұхиты аймағымен арадағы қарым-қатынастарында тек Қытайға ғана көңіл бөлу сияқты дәстүрлі саясатын қайта қарастыруы қажет.

Түркияның сыртқы саясат стратегиясында тек бір мемлекетті ғана мақсат ретінде көздеуі зиянды

қадам. Мұның әсіресе, қырғи-қабақ соғысынан кейін өзгеріске ұшыраған халықаралық тепе-теңдіктер мен жаңа конъюктураларға беретін зарары одан да зор. Аталмыш біржақты саясаттың орнына оны әртараптандыру Түркияның ұлттық мүддесіне сай және аса тиімді болары хақ. Түркия Азия құрлығы-Тынық Мұхиты аймағына қатысты өз келешегін кеңірек жоспарлауға мәжбүр. Қытай өз кезегінде өзінің халықаралық саяси беделі және экономикалық жағдайын қорғауы үшін оның мүдделеріне жататын аймақтарда белсенділік танытып отырған Түркиямен арадағы қатынастарын белгілі бір деңгейде ұстауға тиісті болады.

Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын белгілі бір деңгейде ұстап тұруы үшін Анкара Ресей-Қытай-Үндістан сияқты Азия аумағында ықпалы ойыншы-елдермен бірдей, тепе-тең